



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2022 жылғы 5 қаңтардағы № ДС-1

Құрметті депутаттар!

Сұйытылған мұнай газын (*бұдан әрі – СМГ*) өткізу мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

СМГ нарығында жағдайды тұрақтандыру мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік наразылықтың өсуін болдырмау үшін келесі жедел сипаттағы шаралар қабылданды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының ағымдағы жылғы 5 қаңтардағы бұйрығына сәйкес СМГ-ны өткізуге күнтізбелік 180 күнге (литріне 50-ден 75 теңгеге дейін) уақытша мемлекеттік бағалық реттеу енгізілді.

Энергетика министрлігінің ағымдағы жылғы 9 қаңтардағы бұйрығына сәйкес СМГ сауда-саттығын электрондық сауда алаңдары (*бұдан әрі – ЭСА*) арқылы ұйымдастыру мен өткізу 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылды.

Бүгінде СМГ көлемдерін автогаз құю станцияларына, газ желісі ұйымдарына, газ толтыру пункттері мен станцияларына бөлу ЭСА-дан тыс жүзеге асырылады.

Бұл ретте СМГ-ны ішкі нарыққа ЭСА-дан тыс жеткізу жоспары шеңберінде өткізілетін СМГ-ның көтерме сауда бағасы ҚҚС-ты есепке алмағанда тоннасына 38 701 теңгеден 28 000 теңгеге дейін төмендетілді.

Ұзақ мерзімді баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және бағалардың алып-сатарлық ауытқуына жол бермеу мақсатында, оның ішінде 2030 жылға дейін арналған Газ саласын дамытудың кешенді жоспарында қарастырылатын СМГ-ны өткізу нарығын жетілдіру жөніндегі жүйелі шаралар әзірленуде.

Айтылғанды ескере отырып, аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында екендігін атап өтеміз.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Орынд.: Ж. Мақажанова
тел.: 74-56-07

